

ЦИТАТА ДНЯ

Сауат МЫНБАЕВ,  
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ  
АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»:

КОМПАНИЯ  
ОКАЗЫВАЕТ  
ПОЛНЫЙ  
СПЕКТР ТРАНСПОРТНО-  
ЛОГИСТИЧЕСКИХ  
УСЛУГ И ПРИНИМАЕТ  
АКТИВНОЕ УЧАСТИЕ  
В РАЗВИТИИ ТРАН-  
ЗИТНОГО СЕРВИСА  
СТРАНЫ, РАЗВИВАЯ  
СЕВЕРНЫЙ, ЮЖНЫЙ  
И ЦЕНТРАЛЬНЫЙ  
КОРИДОРЫ ТРАНС-  
АЗИАТСКОЙ ЖЕЛЕЗ-  
НОДОРОЖНОЙ МАГИ-  
СТРАЛИ, СЕВЕР – ЮГ,  
ТРАНСКАСПИЙСКИЙ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ  
ТРАНСПОРТНЫЙ  
МАРШРУТ

ЗАҢ ЖОБАСЫ

ҚҰЖАТ  
ЖЕТІЛДІРЕ ТҮСТІ

ҚР Парламент Мәжілісі теміржол көлігі мәселелеріне қатысты заң жобасына енгізілген түзетулерді қарады. 20 қарашадағы Мәжілістің жалпы отырысында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов заң жобасын таныстырды. Оның айтуынша, бұл құжат Мемлекет басшының Жолдауда айтқан теміржол тасымалында тарифті белгілеудің ашықтығын күшейту және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында жасалған.

Негізгі жаңалықтар жолаушылар тасымалын субсидиялаудың ашық жүйесін құруға, жүк жөнелтушілердің жасырын транзит схемаларын пайдалануын болдырмауға және кірме жолдар қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Атап айтқанда, жолаушылар қозғалысында локомотив тартымының жеке операторын құру арқылы жолаушы тасымалдаушыларды мемлекеттік бюджеттен субсидиялау механизмі өзгертіліп, ол бюджет қаражатының тікелей алушысы болады, – деді министр.

Бұл теміржол жолаушылар тасымалын қолдауға мемлекеттік субсидиялар бөлу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді және барлық іске қосылған компаниялардың шығыстары мен кірістерінің ашық есебін жасайды. Сондай-ақ, заң жобасында жасырын транзит схемасы бойынша жүк тасымалдау мүмкіндіктерін алып тастау бойынша нормалар көзделген, бұл ҚР-ның Орталық Азия елдері арасындағы транзиттік оператор ретіндегі позициясын күшейтуге мүмкіндік береді.

Түзетулердің жеке бөлігі кірме жолдар қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Осылайша, алдағы уақытта қызметтерді тұтынушылар кірме жолдар нелерінің заңсыз, үстем және монополистік әрекеттерінен заңнамалық деңгейде қорғалатын болады. Айта кету керек, жаңа құжат жүк жөнелтушілердің компанияларына оң әлеуметтік-экономикалық әсер етеді деп болжауға болады, транзиттік тасымалдардан түсетін кірістердің өсуін болжайды және бюджеттен қосымша қаражат бөлінбейді.

Ұлан ОРАЗ

АКТУАЛЬНО

СТРАНЫ УКРЕПЛЯЮТ СОТРУДНИЧЕСТВО

В рамках участия в 13-ом заседании Казахстанско-Китайского подкомитета по сотрудничеству в области железнодорожного транспорта 19 ноября в Пекине состоялась встреча между первым заместителем председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канатом Альмагамбетовым и заместителем генерального директора государственной корпорации «Китайские железные дороги» Ли Вэньсином.

Алибек ТОЛЕГЕНОВ


На встрече обсуждены вопросы сотрудничества между Казахстаном и Китаем в сфере железнодорожного транспорта. В частности, рассмотрены результаты деятельности железнодорожных пограничных переходов за 10 месяцев и предварительный план работы на 2020 год.

По итогам 10 месяцев 2019 года объем перевозок грузов между РК и КНР через пограничные переходы Алашаньюк – Достык и Хоргос – Алтынколь составил 14 миллионов 181 тысячу тонн, что на 2 миллиона 632 тысячи тонн (или на 23%) больше, чем за аналогичный период 2018 года.

Также были обсуждены вопросы перевозки угля до миллиона тонн и прочих грузов транзитом через порт Ляньюньган.

Стороны договорились приложить совместные усилия для увеличения объема грузоперевозок в 2020 году по сравнению с текущим годом.

Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»



АҚПАРАТ КҮНІ

САПАЛЫ СЕРВИС –  
ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ ӨСІМІНІҢ КЕПІЛІ

Үстіміздегі жылдың 19 қараша күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары Павел Соколовтың жетекшілігімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлы трансформациялау» бағдарламасының «KTZ Express» АҚ жобалары мен іс-шараларының жүзеге асырылу барысы талқыға түскен Ақпарат күні өтті.

Сұлутүл БАКЕСОВА

Маңызды басқосуға «KTZ Express» АҚ компаниясының қызметкерлері, жоба жетекшілері қатысты. Күн тәртібінде алты жоба қарастырылды. Алдымен «Цифрлы трансформациялау» бағдарламасы туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Бизнесі трансформациялау

маңызды тарату нүктесі болып табылады, неге десеніз, жобаларға қатысушылар қандай жобаларды жүзеге асырып жатқанымызды және оларды іске асыру арқысында қандай жетістіктерге қол жеткізетінімізді бір деңгейде, бір кісідей дұрыс түсініп ұғынулары керек. Кірісті арттыруға және логистикалық қызметтерді ұсыну қызметін арттыруға бағытталған жо-

дында тұрған проблемалар мен оларды шешу жолдары көрсетілген Стратегияны оқып танысу Компанияның әрбір қызметкерінің парызы деп білемін. Сіздер Стратегиямен таныса отырып, трансформациялау бағдарламасының және оның жобалары мен шараларының, бастамаларының арасында тығыз байланыс бар екенін бірден байқайсыздар. Яғни, Цифрлы трансформациялау бағдарламасының басты мақсат-міндеттері – операциялық тиімділікті арттыру, компания бағасын арттыру, теміржол инфрақұрылымын дамыту, өндіріс қауіпсіздігін арттыру, көліктік-логистикалық көрсеткіштерін қызметтер сапасын арттыру, яғни компания қызметіндегі маңызды бағыттар», – деп атап өтті.

Бұдан кейін «KTZ Express» АҚ бас директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Саят Қайғелдинов «Транзиттік тасымалдар мен олардан түсетін кірістерді ұлғайту» жобасы туралы таныстырды. Оның айтуынша, «KTZ Express» АҚ бизнесін трансформациялау бойынша жобалар Ұлттық компанияның Даму стратегиясы шеңберіндегі «KTZ Express» АҚ бизнесін дамыту стратегиялық бастамаларына негізделді. Мәселен, «Цифрлы трансформация» бағдарламасындағы «Транзиттік тасымалды ұлғайту» деп аталатын №4 бастама «KTZ Express» АҚ-на тиесілі екен. Бұл бастама бойынша жүзеге асырылып жатқан жобаның бірі «Транзиттік тасымалдарды және олардан түсетін кірістерді ұлғайту» болып отыр.

Жалғасы 2-бетте



орталығы директорының өзгерістерді басқару жөніндегі орынбасары Дина Медеубаева баяндап берді. Ол өз сөзінде Ақпарат күнінің маңыздылығына тоқтала келіп: «Ақпарат күні, шын мәнінде, жоба қалай жүзеге асырылып жатыр деген мәселеде маңызды рөл атқарады. Жоба жүзеге асырылу керек деген шешім қабылданғандықтан емес, оны іске асыруға қажеттілік жағдайы туындағандықтан жүзеге асырылуы керек, ал осы тұрғыда Ақпарат күні

балар Трансформациялау бағдарламасының орталығы болып табылады. Трансформациялау бағдарламасының жобалар портфелі үлкен, онда 60 жоба мен шаралар қарастырылған, олардың бәрі өз кезегінде 13 стратегиялық бастаманы қолдайды. Бұл бастамалар мен жобалар және шаралар Ұлттық компанияның 2029 жылға арналған Даму стратегиясында алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Сондықтан Компанияның ал-

ҮЗДІК ҰЙЫМ

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Қызылордалық теміржолшылар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау сынды кәсіби міндетін мінсіз атқарумен қатар, аймақ бойынша өткізілетін қоғамдық-көпшілік, мәдени шараларда да белсенділіктерімен танылуы дәстүрге айналған.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларына тұрақты араласып, өзіндік үнімен танылып отырған теміржолшылардың мерейі тағы да үстем болды. Жуырда «Нұр Отан» партиясы бастауыш ұйымдарының жұмысын жандандыру мақсатында өткен облыстық семинар кеңестің пленарлық отырысында үздіктер анықталды. Әрине, олардың алдыңғы қатарында

теміржолшылардың аты аталып, құрмет пен сый-сияпатқа кенелді.

Сонымен 250-ге жуық ұйым арасынан озық шығып, марапатқа ие болған ұжымдарды атап, «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауының екінші кезеңіне сәйкес ІІ санат бойынша 1-орынға Қызылорда «Теміржол» партия филиалының «Вокзал-сервис» БПҰ ие болса, ІІ санат бойынша 3-орынды «Жол дистанциясы» БПҰ жеңіп алды. «Вокзал-Сервис» бастауыш партия ұйымы Нұр-Сұлтан қаласында өтетін байқауға жолдама алды.



Еске сала кетсек, 2015-2018 жылдар аралығында өткен байқауда облыс бойынша 4 жыл қатарынан 1-ші және 2-ші, 3-орындарды теміржолшылар иемденген болатын. Міне, бұл аймақ теміржолшыларының еңбекте ғана алда емес, қоғамдық-саяси сауатты және белсенді екенін де білдіреді.

НОВОСТИ

НОВЫЙ СЕРВИС

АО «ОТЛК ЕРА» запущен новый контейнерный сервис – применение унифицированной накладной ЦИМ/СМГС в качестве единого перевозочного документа при мультимодальной перевозке по маршруту Китай – Европа – Китай через станцию Алтынколь.

Сервис запущен с целью сокращения транзитного времени и увеличения объемов перевозок транзитных грузов в контейнерах по железной дороге.

Ключевое преимущество этой накладной заключается в отсутствии необходимости переформирования перевозочного документа при переходе с одного транспортного права на другое, сообщили в пресс-службе АО «ОТЛК ЕРА».

Применение унифицированной транспортной накладной позволяет исключить дополнительные расходы, связанные с переформированием, человеческий фактор и возможные ошибки.

Первый контейнерный поезд с применением в качестве перевозочного документа на всем пути следования унифицированной накладной ЦИМ/СМГС отправлен с китайской станции Сиань в Германию (станция Мангейм) через станцию Алтынколь и морской порт Балтийск Калининградской области. Это беспрецедентный случай, так как впервые накладная ЦИМ/СМГС применяется не только для двух правовых режимов, но и для двух видов транспорта.

Любовь НЕГЕМБЕЛОВА

К ХОЛОДАМ ГОТОВЫ

Получено свидетельство о готовности КТЖ к работе в зимний период. Под руководством первого заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Каната Альмагамбетова подведены итоги готовности хозяйства и кадров компании к работе в зиме.

Руководителям филиалов компании и дочерних организаций вручено Свидетельство о готовности хозяйства к работе в зимний период 2019-2020 гг.

Осуществление контроля за ходом подготовки хозяйства компании и ее дочерних организаций к работе в зимний период проводилось специально созданным штабом, на его заседаниях заслушаны руководители структурных подразделений КТЖ и дочерних организаций о ходе подготовки хозяйства и кадров к работе в холода.

Всего по компании по подготовке к зиме проведено 141 мероприятие. В том числе завершено обучение работе в холодное время года более 3 тысяч перво-зимников. В рамках подготовки вокзального хозяйства к зимнему периоду произведены работы по промывке и опрессовке систем отопления, утеплению тепло-трасс, замене электронагревательных теннов, утеплению зданий вокзалов. Всего подготовлено 201 вокзал. Также проведена работа по их обеспечению твердым и жидким топливом.

Кроме того, в текущем году отремонтировано и подготовлено к отопительному сезону 299 котельных. Заключены договоры и произведена поставка более 119 тысяч тонн угля, из них на бытовые нужды работников компании – более 50 тысяч тонн.

Помимо прочего, подготовлены к работе в зиме более 4 тысяч единиц подвижного состава, из них 1423 пассажирских вагона.

Асель ШАЙХЫНОВА

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

10 000

КОНТЕЙНЕРОВ ДФЗ ОБРА-  
БОТАНО В ПОРТУ АҚТАУ СО  
ДНЯ ЗАПУСКА РЕГУЛЯРНОЙ  
ФИДЕРНОЙ ЛИНИИ

## АҚПАРАТ

## ҚАРАШАДАҒЫ ҚАРБАЛАС

Ақтөбе ЖТ бөлімшесіне қарасты Шалқар станциясы үшін қараша айы қарбаласпен басталды. Қалың қар мен бұрқасына ұласқан табиғаттың тосын мінезі жол қозғалысына едәуір қиындықтар туғызды. Жұдырықтай жұмылған тораптағы барлық теміржолшылардың жаппай қар тазалауға шығуының арқасында оқыс жағдай орын алмады. Боранды күні станциялықтар мен 50-ге жуық жолшы 24 сағат бойы аяқтарынан тік тұрып кезекшілікке шыққан. ДПМ техникасымен станция аумағы түгел және Шалқар-Сексеуіл, Шалқар-Жем аумақтары тазартылды. Көмекке станциядағы барлық мекемелер келген.

Шалқар станциясы жұмысшыларын қарбаласқа салған күн 2 қарашаның түнінде басталды. Абырой болғанда, боран басталған күні қауіпсіздікке жауапты кезекшілікте станция басшысының өзі болған. «Сол күн сенбіден жексенбіге қараған түн болатын. Ертеңіне күн қатты боран болып, 25 см болатын қар жауды. Станция жұмысы күндіз-түні болғандықтан кезекшілікпен атқарылып, бір сәт те тоқтамайды. Қар мен жел тоқтаусыз соғып, 24 сағат бойы бет қаратпады, боран қатты болды», – дейді станция басшысының орынбасары Бағлан Дауытбаев.

2 қараша күні түнгі сағат 3-те басталған боран 4-і күні таңда бір тоқтаған. Ауа температурасы күрт төмендеп кеткен. Бірнеше бағыттан пойыз қабылдап отырған 103 бағыттама с бар екінші кластық станция үшін бұл сын сағатымен тең еді. Жолды тазалап, бір пойызды өткізіп жібергеннен кейін бағыттамадардың барлығын қайта тазалап отыруға тура келіп, қанша сағат боран соқса, сонша уақыт күн-түн демей қалың адам станция жолдарын тазалаған.

«Станцияға келетін жолаушылар пойызы көп. Солардың бірде-бірін кестеден кешіктірмей жөнелтіп отырдық. Қазір ауа-райы ашық. Бір қалыпты жұмыс жасап жатырмыз», – дейді ДС орынбасары.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе

## ЖОЛАУШЫЛАР ДӘН РИЗА

Қараша айының алғашқы күнінен бастап жолаушылар тасымалында жағымды жаңалық орын алып, вагондардағы төсек-жабдықтардың түгел жаңартылуы түбек халқын да қуантқаны анық.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ Маңғыстау телімінің бастығы Батырбек Чилимбаевтың айтуынша түбекке қарасты жолаушы пойыздарындағы барлық 157 вагонның матрас, төсек-орын, жастық, орамал-сейсептері, тыстарымен, терезе перделері түгел жаңаланыпты. Енді осы айдың 20-на дейін күпе вагондарының дәліздеріне жаңа кілемшелер төселмек. Төсеніштерге жууға қолайлы, жеңіл материалдан жасалған. Жинап, орап қоюға арналған бұғыштары да қарастырылған. Қысқасы, қазір су жаңа төсектерді қолданған жолаушылардың көңілдері өсіп, риза болып жатқанын көзіміз көріп біз де қуанып қалдық. Вагон жолсеріктерінің де көңіл-күйлері жоғары, жолаушыларға жаңа төсек-орынды ұқыпты қолдану жайлы ескертулерін жеткізіп, олардың алғысына бөленуде. Бұл жақсы жаңалықтар мен өзгерістер жолаушылар тасымалының тұтынушыларын арттырмаса, азайтпаса анық.

Батырбек Чилимбаевтың айтуынша, вагондардағы төсек-орындардың қолдану мерзімі негізінде бес жылдық құрайды екен. Дегенмен, қатып қалған қағида жоқ, мерзімінен бұрын ескіріп, бүлініп жатса, әрине жаңасына ауыстыру мүмкіндігі бар. Бұл үшін қосымша қор қарастырылған. Сондай-ақ, төсек-орын белгілі уақытта дезинфекциялық тазалаудан өткізіліп тұрады екен.

Шахизат САРИНА, Маңғыстау

## ҚЫСТЫҢ АТЫ – ҚЫС

Оңтүстік өңірге қалың қар түсе қойған жоқ және жалпы табиғаты жылы өңір саналады. Әйтсе де, қыстың аты – қыс. Сондықтан табиғаттың қатал маусымына дайындық жасап, жол қозғалысының қауіпсіз, рельстердің ақаусыз болуы, техникалардың жеткілікті әрі сақадай сай болуы үшін барлық жағдай жасалууда.

Мысалы, Шымкент жол дистанциясының қысқа әзірлігі қалай десек, жолшылар қыс мезгілінде қандай да бір қиындық туындамас үшін кез келген кедергінің алдын алуға күш салуда. Айталық, жасанды құрылыстар мен жер төсемдерін тексеру барысында мамандар 4 темір көпір, 84 темірбетон көпір, 189 темірбетон құбыр, 34 бетон құбыр мен 3 жаяу жүргіншілер көпірін мұқият қарап шықты. Жолшылар 42 құбырды шөптен тазалап, 19 құбырдың тоттанған жерлерін тазалады.

Қысқа дайындық мұнымен тоқтамады. Дистанцияға қарасты 48 өндірістік ғимарат тексеріліп, 76 кемшілік табылып, оның 56-сы ретке келтіріліпті. Өндірістік ғимараттардағы кемшілікті жоюға 15 текше метр тақтай ағаш, 80 шаршы метр темір қаңылтыр, 15 орама руберойд, 200 шаршы метр линолеум, 100 текше метр терезе әйнегі мен 1000 дана кірпіш қажеттігі анықталды. Жеткізілгені жеткізілгендей жаңартыла бермек. Күнделікті қолданатын құрал-саймандар жөңделіп, балға, күректің саптары ауыстырылған.

Сонымен қатар, дистанцияда рельстердің тозған, тозбағанын анықтайтын 12 ақауапқыш арба жұмыс істейді. Олар: ПООСК-2 – 2 дана, РДМ-2 – 1 дана және РДМ-1 – 3 дана, АВИКОН-31 – 2 дана, РДМ-22 – 5 дана, РДМ-33 – 1 дана, Пеленг-102 – 1 дана. Мамандардың айтуынша, ақауапқыш арбалардың дұрыс жұмыс істеуі үшін РДМ-22 түрлендіргіш блогынан 20 дана, аккумулятор 20 амп – 7 дана, РДМ-22 орталықтандыру жүйесінен 10 дана қажет көрінеді.

Сондай-ақ, 15 автомашина мен механизмдердің қыс уақытында қалыпты жұмыс істеулері үшін: дәнекерлейтін агрегат САК – 3112 – 1 дана, бензоагрегат АБ-4-1/230 – 10 дана, темір дәнекерлеуші аппарат ТД 500 – 1 дана, гидравликалық ажыратқыш құрылғы – 28 дана, гидравликалық домкраттар ДПТ-8 – 30 дана, рельс кесетін станок «Жейсмар» К 1250 – 10 дана, электрлі ажарлаушы «Жейсмар» МТХ 350 – 10, рельс тесетін станок «Жейсмар» PR-7 – 10, ағаш тесетін электрлі аспап – 2, жол ығысуын түзейтін гидравликалық құрылғы – 1, кабель арматура – АЭС – 50 м, автомашина УАЗ фермер – 6, автомашина ГАЗ-53 – 2, жеңіл автомобиль – 1, МПТ-4 жол машинасы – 1, рельстің температуралық режимін реттеуге қолданатын гидравликалық пресс – 1 дана қажет деп отыр.

Мекемеде еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздікті сақтау бойынша жыл басынан бері жіберілген кемшіліктердің 85% жойылған

Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент

## АҚПАРАТ КҮНІ

## САПАЛЫ СЕРВИС – ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ ӨСІМІНІҢ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1 бетте)

«Транзиттік тасымалдарды және олардан түсетін кірістерді ұлғайту» жобасынан күтілетін тиімділіктерге келсек, олар сату функцияларының тиімділігін арттыру; компанияны басқарудың тиімді моделі; компания бизнес-процестерін автоматтандыру; ағымдық бизнес-бағыттардың тиімділігін арттыру, яғни ТМТМ, ОТЛК, халықаралық транзит шеңберінде контейнерлік пойыздар, контейнерлік сервис және жаңа бизнес-бағыттарды дамыту, олар – «салқын пойыздар», Каспий арқылы фидерлік қатынас, «Rail-Air». Бұл жобаның басты мақсаты ол 2020 жылдың қорытындысы бойынша контейнерлік тасымал көлемін 2019 жылмен салыстырғанда 18% өсіру екен. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше міндет алға қойылған. Соның бірі – 2020 жылға қарай вагон тасымалының көлемін 1,7 есеге ұлғайту. Яғни, 2019 жылы 1793 мың тонна болса, 2020 жылы 3093 мың тоннаға жеткізу. Бүгінде қандай шаруа тындырылды дейтін болсақ, 2019 жылдың 10 айында 2 100 мың тонна күн құрайтын жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген. Екіншіден, вагондарда транзитті жүк, яғни пилотматериалдар, мұнай өнімдері, кокс, кен, азық-түлік өнімдері, тағы басқаларының тасымалдары ұйымдастырылған. Сонымен қатар қазір 2020 жылға арналған клиенттермен келісімшарттар жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде екен.

Саят Қайғелдинов «Транзиттік тасымалдарды және олардан түсетін кірістерді ұлғайту» жобасынан күтіліп отырған тиімді шараның бірі ретінде КТЗЕ меншігіндегі және сырттан тартылған рефрижераторлық контейнерлер тұратын «салқын пойыздар» қатынасын ұйымдастыру екенін айтып өтті. Оның айтуынша, бүгінде КТЗЕ меншігінде 430 рефрижераторлық контейнер бар. Биылғы қойылған міндет, 1968 ЖФЭ контейнерден тұратын пойыз қатынасын ұйымдастыру екен.



формалардың айналымдылығы қысқарып және биыл 9 000 ЖФЭ жоспарлық көрсеткішіне қол жеткізілген. «Rail-Air» мультимодальды схемасы бойынша жүктерді тасымалдау бағытында «Rail-Air» тасымалына тарифтер жасалып, олар КТЗ корпоративтік сайтына орналастырылған.

Ал 2020 жылы 7872 ЖФЭ контейнер, яғни аптасына 2 контейнерлік пойыз ұйымдастыру. Не істелінді дейтін болсақ, бүгінде Шұқырсай ст/Ташкент ст-Товарный-Селятино станциясы (Мәскеу темір жолы) бағдары бойынша келісілген кесте тізбегінің пойыздар қозғалысының кестесі қолданыста бар. Сонымен қатар «КТЗ Express» АҚ Ақтау портынан Потиге, КЗХ станцияларына бағытталған және де «КТЗ Express» және Грузия темір жолдарының меншігіндегі контейнерлерді пайдалана отырып, тұрақты рефрижераторлық контейнерлер бағдарының экспедиторы болып отыр.

«Транзиттік тасымалдарды және олардан түсетін кірістерді ұлғайту» жобасы шеңберінде «ИРС-тасымалын енгізу» міндеті жүзеге асырылып жатқанынан «КТЗ Express» АҚ бас ин-

женері Серік Төлебаев хабардар етсе, Контейнерлік ағындардың технологиясын енгізу бойынша жоба алдындағы зерттеу туралы бас директордың операциялық қамтамасыз ету бойынша орынбасары Шыңғыс Төлеушын баяндап берді. Сонымен қатар Ақпарат күні аясында «ІСІ-тасымалдарды дамыту» жобасы, «Логистикалық аутсорсинг қызметтерін енгізудің қонымдылығы» жобасы алдындағы зерттеу, «Маркетинг және сатылымдар» жобасы туралы егжей-тегжейлі түсіндіріліп, таныстырылды.

Өз кезегінде «КТЗ Express» АҚ бас директоры Дмитрий Абдуллаев Цифрлы трансформациялау бағдарламасы шеңберінде жобаларға, стратегиялық бастамаларға қатысты ауқымды жұмыстар жүргізілгенін және алда әлі атқаратын шаруалар да баршылық екенін атай келіп, бұл жобалардан бөлек, ұйымдастыру құрылымы, келісімшарт жұмысы, жеңілдетілген келісімшарттар, аймақтық филиалдар желісінің ашылуы, тағысын тағы жұмыстар жүргізілетінін жеткізді. Сондай-ақ, ол жобалар демеушісі ретінде келесі жылдан бастап ынталандыру жүйесі енгізілетінін, осы жобаларға қатысушыларды материалдық ынталандыру қарастырылып отырғанын және жақсы өсімі болатынын айтты.

Ал Ақпарат күнін қорытындылаған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Павел Соколов транзиттік тасымалды дамыту мәселесінде алдымен сервиске айрықша назар бөлу керектігін, әрбір жобадан нақты бір мақсат-міндет тұрғанын, оған қол жеткізу жолы «КТЗ Express» АҚ компаниясын сапалы болуға және жаңа жетістіктерге жетелейтінін атап өтті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## БАС ҚАЛАДА – БЕСІНШІ ТЕЛІМ

Ірілендірілген Астана жол дистанциясының №5 телімі елорданың бас қақпасындағы жолдың бойына күтім жасайды. Мұндағы жұмыстың ерекшелігі – үлкен станция болғандықтан бірнеше парк пен ұзын өрі қатар-қатар жатқан көп жолдың күтіміне жауап береді. Ал оның өзіндік ерешелігі ғана емес, қиындығы да жетіп артылады.

## Ұлан ОРАЗ

Ал жауапкершілігі – ол өз алдына бөлек әңгіме. 25 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы Жанарыстан Алпамысовтың №5 телімді басқарып келе жатқанына үш жылдай болды. Қарамағында 42 жолшы бар. Соның төртеуі – бригадир, қалғаны жол монтерлері.

– Біздің телімде бас, сұрыптау, ранжирлік, дөңес алды парктері бар. Ағымдағы күтіп ұстау жұмыстарынан бөлек, қыс маусымында қармен күрес шараларына басымдық беріледі.



## СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

## БҰЛ – БҮГІНГІ БОЛАШАҚ

Болашақ станциясы – ел шетіндегі, Түркіменстан теміржолымен шектесетін станция. Өзен-Түркіменстан шекарасына дейін теміржол тартылып, Парсы шығанағына жол ашқан жоба бүгінде өз жемісін беріп, толыққанды жұмыс істеп тұр деуге барлық негіз бар.



Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

Станция ашылғалы Болашақ арқылы қанша млн тонна жүк шекара асып, Түркіменстан мен Иранға тасымалданып, шын мәнінде ау баста болжандай парсы шығанағына жол ашты. Сондай-ақ, сырттан келген жүк те жыл өткен сайын миллиондап көбейіп, жалпы Қазақстанның транзиттен түскен табысын еселеп отыр. Бір ғана биылғы жыл басынан бергі он айда былтырғымен салыстырғанда Болашақ арқылы Түркіменстаннан біздің елге келген пойыз саны 58-ге,

тапсырылғаны 9-ға артқан. Жыл соңына дейін бұл сандар тағы да өсе түсіп, өткен жылғы көрсеткішті едәуір басып озады деген болжам бар.

Биылғы жылдың он айында Түркімен еліне 347 пойыз 15 363 вагон 892 783 тонна жүк жөнелтілген. Ал кері бағытта 325 пойыз 14 808 вагон 96 901 тонна жүк тасымалдаған. Өткен жылдың он айында болса, Болашақтан Түркіменстанға 338 пойыз 15 096 вагон 883 188 тонна жүк жіберіліп, ол жақтан бізге 267 пойыз 11 135 вагон 117 856 тонна жүк келген екен. Тоғыз айдың нәтижесіне көз салсақ, биылғы тоғыз айда Түркіменстан теміржолына 285 пойызбен 12

928 вагон 740 269 тонна жүк өткен. Олардан бізге 282 пойызбен 13 034 вагон 84 024 тонна жүк жеткен. Былтырғы тоғыз айда бізден түркімендерге 299 пойыз 442 вагон 775 331 тонна жүк жіберілсе, кері бағытта 226 пойыз 9 021 вагон 109 000 тонна жүк қабылданған. Бұл жерде жылдың үш тоқсанында да келген вагондар саны былтырғы есепті кезеңдегіден көп болып отыр. Болашақтан тапсырылған вагондар көрсеткіші бірдей дерлік. Бірақ қазан айынан бастап станция арқылы Түркімен шекарасын асатын вагондар саны тағы да көбейе түскен. Станция бастығы Мақсат Нұрбековтің айтуынша, егер жүк айналымы осы қарқынмен кете берсе, соңғы үш айдың нәтижесін қосқанда өткен жылғы жоспардан әжептәуір артады деген меже бар.

– Қазір көбінесе бидай тасымалдануда. Негізгі астық өнімдері, ұн Қостанайдан Түркіменстанға, Иранға, арасында Ауғанстанға кетуде. Ресейдің Челябинск облысынан газ трубалары Түркіменстанның Ғыпчак, Түркіменбашы станцияларына жеткізіліп, сол жерден газ құбырын тартуға жұмсалып жатыр. Бұл жүктер қазан айында тіпті көбейе түсті. Түркіменстаннан келетін жүктердің басым бөлігі – мұнай коксы Достық-Алашанькоу арқылы Қытай асуда. Сондай-ақ желім, картоп, қарсқа, матор майлары, жуу пасталары, полиэтилен, құрғақ жемістер, кептірілген жүзім, дезинфекция аппараты, көшіп келіп жатқан қандастарымыздың жүктері және шөлмек ыдыстар да бар. 138 вагон шөлмек ыдыс Маңғыстау станциясына түсірілген. Бұлардан басқа да түрлі жүктер бар, негізгілері осылар, – дейді станция бастығы.

Ал жалпы екі ел арасында тоғыз айда теміржолмен тасымалданған жүктерді жіктестірген болсақ, бидай – 3461, тұқым майы – 316, спирт – 120, газ трубасы – 1022, қара металл – 335, шай – 102, электр құрылғылары – 264, қара металл прокаты – 594, пилотматериал – 183, бидай ұны – 1894, манная крупа – 63, ауыл шаруашылығы комбайны – 104, комбикорм – 98, картоп – 70, құрылыс өнімдері – 203 вагон өткізілген. Тасымалданатын өнімдердің басым бөлігін құрап отырған бұл жүктерді қабылдап алып, жөнелтумен байланысты барлық жүк операцияларын мүлтіксіз атқарып отырған бүгінгі Болашақты санау пайдалануға берілген алғашқы жылдармен салыстыруға мүлде болмайды. Өскен, дамыған, техникалық мүмкіндігі де жоғарылаған, соған сай теміржолшылардың да тәжірибесі арта түскен бүгінгі Болашақ бұл.

Суретті түсірген автор

ПЕРЕЕЗДЫ

# УДВОЕННОЕ ВНИМАНИЕ

В Алматинской дистанции пути насчитывается 50 железнодорожных переездов, из которых 32 – охраняемых при наличии дежурного и 18 – неохраняемых. Все они – под особым контролем. Вместе с руководством дистанции удалось побывать на некоторых.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Все железнодорожные переезды приведены в соответствие с Правилами технической эксплуатации, расположены на участках, оборудованных продольными линиями электроснабжения, имеют электрическое освещение, отдельные оборудованы прожекторными установками для осмотра проходящих поездов. Охраняемые переезды обслуживают дежурные, которые имеют радиосвязь с машинистами поездных локомотивов и специального самоходного подвижного со-



знаками, светофором и звуковыми сигналами. Поселок расположен вдоль железнодорожного полотна, поэтому пешеходам приходится по несколько раз пересекать этот опасный участок. Особенно становится проблематично, когда гурьбой переходят переезд школьники, порой забывая о правилах личной безопасности.

– Здесь нужен глаз да глаз, постоянно наплыв бывает. Многие водители игнорируют правила, не руководствуются указаниями и сигналами, положением шлагбаума, световой и звуковой сигнализацией, дорожными знаками, буквально летят на скорости, тем самым подвергая себя опасности, – отмечает дежурный Жумабай Турсынбаев.

Далее мы отправились на перегон Аксенгир – Бурундай, там на 4040-м километре расположены два охраняемых переезда. Стоит сразу отметить, что клубок нарушений автовадел-

цами, который несет за собой потенциальную опасность, чаще всего происходит на этих переездах.

Начальник Алматинской дистанции пути Султан Буромбаев проверил книги нарушений у дежурных, провел с ними инструктаж и задает несколько вопросов касательно их функциональных обязанностей. В частности, какие действия должен предпринять дежурный, если на переезде сложилась ситуация, угрожающая безопасности движения.

Дежурные по переезду Рашид Рысбеков и Гульпаш Бекбатырова – не новички и работают на данных объектах более десяти лет. Их рабочие места находятся, можно сказать, в зоне комфорта: отстроенные стеклянные здания на возвышенности, где путь и переезд визуально осматривается со всех сторон как на ладони.

Огорчает и тот факт, что допускаются нарушения и со стороны работников дистанции пути. Дежурными по переездам несвоевременно передается информация в технический отдел дистанции пути, в свою очередь инженерно-технические работники не оформляют соответствующую информацию в ГИБДД. Таким образом, водители, нарушившие правила проезда через железнодорожные переезды, остаются не привлеченными к ответственности. А это недопустимо.

– Присутствие дежурного на переезде – это всегда дополнительная гарантия безопасности движения, потому что он, наблюдая за состоянием проходящих поездов, может своевременно принять меры по остановке поезда, дежурный по переезду должен работать с удвоенным вниманием, – отметил Султан Буромбаев.

Каждый случай наезда становится темой тщательного разбора на планерных совещаниях, технических занятиях и встречах с жителями, проживающими вблизи железнодорожного полотна, в школах проводится разъяснительная работа совместно с работниками дорожной полиции.

Фото автора

става, прямую телефонную связь с ближайшей станцией или постом, а на участках, оборудованных диспетчерской централизацией – с поездным диспетчером. Как показывает статистика, причиной всех дорожно-транспортных происшествий при пересечении переездов является крайне низкая транспортная дисциплина водительского состава. Локомотивные бригады предпринима-

ют в последние секунды все, чтобы сбросить скорость и предотвратить наезд. Меры предотвращения наездов предпринимают и дежурные на охраняемых переездах, но иногда избежать ДТП не удается.

